



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 сәуірдегі N 358 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 2 желтоқсан N 1849. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.10.22. N 1347 қаулысымен. ~P011347

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасын сатып алғаны үшін алынатын алымның ставкасы мен оны төлеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 сәуірдегі N 358 р990358\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 12, 114-күжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасын сатып алғаны үшін алынатын алымның ставкасы мен оны төлеудің тәртібі туралы ережеде:

3-тармақтағы "1 проценті" деген сөздер "0 проценті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

